

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2024-2025 оқу жылындағы Сенат мәжілісінің**

№11 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ

Түркістан қаласы

Сағат – 11:00

Сенат залы

25 маусым 2025 жыл

Сәрсенбі

Қатысқандар: Сенат мүшелері, Ғылым департаментінің директоры, Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөлімінің басшысы

Күн тәртібінде:

4.1. Университет ОПК-ның құжаттарын ғылыми атақ алу үшін ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыну туралы.

4.1.1 «Философия» кафедрасының қауымдастырылған професоры (доцент), Теология факультетінің деканы, философия ғылымдарының кандидаты Абжалов Султанмурат Утешовичтің аттестаттау ісін «60300 – Философия, этика және дін» ғылыми бағыты бойынша профессор ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыну.

Қаралды: «Философия» кафедрасының қауымдастырылған професоры (доцент), Теология факультетінің деканы, философия ғылымдарының кандидаты Абжалов Султанмурат Утешовичтің аттестаттау ісін «60300 – Философия, этика және дін» ғылыми бағыты бойынша профессор ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыну мәселесін қарады. Сенат хатшысы А.Абибуллаева «Философия» кафедрасының қауымдастырылған професоры (доцент), Теология факультетінің деканы, филос.ғ.к. Абжалов Султанмурат Утешовичтің аттестаттау ісін «60300 – Философия, этика және дін» ғылыми бағыты бойынша профессор ғылыми атағын алу үшін ұсынған құжаттарымен, ғылыми және педагогикалық қызметімен таныстырды.

А.Абибуллаева: Абжалов Султанмурат Утешович университетте 2016 жылдан қызмет етіп келе жатыр, ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі 16 жыл. 2018 жылдан бері қауымдастырылған профессор (доцент), 2017 жылдан бері университеттің Гуманитарлық ғылымдар, Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультетінің деканы, қазіргі кезде Теология факультетінің деканы қызметін үздіксіз атқаруда.

Шығып сөйлегендер:

Археология ғылыми зерттеу институтының директоры Жетібаев Көпжасар Мұстафаұлы сөз алып, Абжалов Султанмурат Утешович университетте 2016 жылдан бері абыройлы қызмет етіп келеді. Ол білім беру

саласындағы өзінің жоғары кәсіби біліктілігімен және еңбекқорлығымен ерекшеленеді.


2017-2021 жылдар аралығында Гуманитарлық ғылымдар факультетінің деканы, 2021-2024 жылдар аралығында Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультетінің деканы, ал 2024 жылдан қазірге дейін Теология факультетінің деканы қызметін атқарып келеді. Абжалов Султанмурат Утешович ҚР БҒМ тарапынан бөлінетін іргелі жобаларға тұрақты түрде қатысып, ғылыми зерттеулермен айналысып келеді. 2019-2024 жж. аралығында «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» бағыты бойынша «Ұлттық Ғылыми Кеңестің» мүшесі болды. Абжалов Султанмурат Утешович әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, дінтану мамандығында 2 (екі) PhD докторантқа ғылыми жетекшілік жасап, сәтті қорғатып шығарды. Аталған жоғары оқу орнының «Философия, Исламтану, Дінтану, Мәдениеттану» мамандықтары біріктірілген Диссертациялық кеңесінің мүшесі болды (2015-2018 жж) және қазіргі кезде де диссертациялық кеңестерге уақытша мүше, рецензент ретінде тұрақты қатысып тұрады. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің «Алғыс хатымен (2022, 2023)», «Құрмет грамотасымен (2023)» марапатталды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысының «Дінтану» сериясы бойынша және «Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi» атты Scopus мәліметтер базасына енетін ғылыми журналдарда редакциялық құрамның мүшесі. Өз жұмысына жауапты, кәсіби міндеттерін тиянақты орындап, ұжыммен үйлесімді қарым-қатынас орната біледі.

Ашық дауыс беру нәтижесінде **СЕНАТ ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

4.1.1. «Философия» кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доцент), Теология факультетінің деканы, философия ғылымдарының кандидаты Абжалов Султанмурат Утешовичтің аттестаттау ісін «60300 – Философия, этика және дін» ғылыми бағыты бойынша профессор ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне жіберілсін және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті сенатының шешімі ұсынылсын (*Жауапты: Сенат хатшысы Абибуллаева Айман*).

Сенат төрайымы
Сенат хатшысы

Ж.Темирбекова
А.Абибуллаева



А. Абибуллаева